



Автор: УТАРБАЕВ САМАТ МИНДАГАЛИЕВИЧ

Пән: География

Сынып: 9-сынып

Бөлім: Биосфера

Тақырып: Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрлері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	9.3.4.2- ерекше қорғалатын аумақтардың (қорықтар, қорықшалар, ұлттық саябақтар) құрылу мақсатын түсіндіреді
Сабақтың мақсаты:	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы ақпараттарды жинақтау, ерекшеліктеріне тоқталу, пікірлесу арқылы ойларын жүйелеу. Қорытынды жасай білуге үйрету.
Тілдік мақсаттар:	Пәндік лексика және терминология: қорықтар, қорықшалар, ұлттық саябақтар Оқытудың тілдік мақсаты: Ерекше қорғалатын аумақтар туралы мәтіндерді оқиды және зерттеу, сыныптастарымен бірлесе отырып қорытындыларын (оқу, жазу, сөйлеу, тыңдау дағдылары) түсіндіреді (презентация, буклет, диалог т.б.). Диалог құруға /жазылымға қажетті сөздер топтамасы: Суретте ... Ерекше қорғалатын аумақтар.....құрылған. Себебісақтауымыз қажет.
Құндылықтарды дарыту:	- жұптық және топтық жұмыстар орындау барысында өзіне және айналадағы адамдарға деген құрмет; - топтық жұмыстарды орындау барысындағы ынтымақтастық; - өз пікірін білдіру барысындағы ашықтық; - топтық жұмыстар, креативті шығармашылық ізденістер барысындағы еңбек және шығармашылық; - білімін тереңдету, қажетті материалдарды табу, оған талдама жасау мақсатында өмір бойы оқу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	АКТ мүмкіншіліктерін пайдалану (ноутбук, интер белсенді тақта) https://bilimland.kz
Пәнаралық байланыс:	Биология, экология, химия, экономика
Бастапқы білім:	8.3.4.5 - өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау қажеттілігін дәлелдейді, қорғау жолдарын ұсынады

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (0-5мин)	- Ұйымдастыру. Сәлемдесу. Жағымды атмосфералық ахуал. Мұғалім: Оқушыларды жаңа білім қабылдауға және игеруге «Атаулар туралы үш сұрақ» арқылы белсенділендіреді. (Сабақтың басында жаңа тақырып бойынша тақтаға үш ұғымдарды жазып, оқушыларға сұрақтар қойыңыз) (С) Сабақтың тақырыбы және мақсаттарымен таныстыру. (С) Оқушылар қорық, қорықша, ұлттық саябақ термин сөздерін еске түсіреді. «Ерекше қорғалатын, республикалық маңызы бар, флора мен фауна» Сұрақтар: Қайда? Бұл сөздерді сіз бұрын қайда және қандай мағынада кездестіріп едіңіз? Қалай? Өз тәжірибеңізден осы сөздерді қолданудың мысалдарын келтіре аласыз ба? Қандай? Осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсыз?	Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану (Оқу құралы). - Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. Презентация Слайд 1-2

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (5-15 мин 15-25 мин 25-38 мин)	Оқушылар мәтінді оқып, бейне материалды көріп, I тапсырманы орындайды. (Д) I тапсырма. «Ерекше қорғалатын аумақтардың» құрылу мақсаты мен ерекшелігін анықтаңыз: Ерекше қорғалатын аумақтар Құрылу мақсаты Ерекшеліктері табиғи қорықтар мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтар қорықшалар Дескриптор Білім алушы - Еліміздегі Ерекше қорғалатын аумақтардың құрылу мақсатын түсіндіреді; - Ерекше қорғалатын аумақтардың ерекшелігін анықтайды. Оқушыларға ауызша және смайликтер арқылы кері байланыс беріледі. (Ж) II тапсырма. Карта бойынша ерекше қорғалатын аумақтардың қай облыстың территориясында орналасқандығын анықтаңыздар: Дескриптор Білім алушы - карта бойынша ерекше қорғалатын аумақтардың қай облыстың территориясында орналасқандығын анықтайды. Оқушылар бірін-бірі бағалайды. (Т) III тапсырма. Таңдауыңыз бойынша қорықтар, қорықшалар, ұлттық саябақтардың біріне сипаттама беріңіз: Жоспары: • Атауы мен құрылған жылы; • Құрылу мақсаты; • Географиялық орналасуы; • Қызыл кітапқа енген жануарлары мен өсімдіктері. Дескриптор Білім алушы - ерекше қорғалатын аумақтардың бірін жоспар бойынша сипаттайды Берілген уақыт аяқталғанда әр топтан баяндаушылар кезекпен сөз алады. Топ ұжымы бірігіп жұмыс жасайды, қорытындылайды. Әр топ жасаған жұмыстарын қорғап болған соң марапатталады. Марапаттау. Мұғалім топтардың жұмысын бағалайды және мадақтайды. Номинациялар беріледі: о «Ең ұйымшыл топ» о «Ең креативті топ» о «Ең белсенді топ» о «Ең шебер топ» о «Ең тапқыр топ»	Мәтін таратылады https://bilimland.kz/kk/courses/geografiya-kk/erekshe-qorhalatyn-aumaqtar/lesson/erekshe-qorhalatyn-aumaqtar Слайд 3-5 Слайд 6 Слайд 7 Қызыл кітапқа сілтеме http://www.redbookkz.info/ => қазақша тіл => жануарлар мен өсімд
Сабақтың соңы (Кері байланыс 38-40 мин)	«Менің сабақтан кейінгі әсерім» Қандай ой пайда болды? Не сезіндім?	Слайд 8 Әлімов А.Қ. «Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану" (Оқу құралы).- Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014.
Рефлексия	□ Ынталандыру, қолдау көрсету, формальды емес бағалау түрлері; □ Оқушылар өзара бағалайды; □ Қалыптастырушы бағалау	□ Оқушылар сабақ барысында қауіпсіздік шараларын сақтайды